

Осмий-187 изотопының экспортына рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 472 қаулысы

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны және "Advanced Technology s.r.o" компаниясы (Прага қаласы, Чех Республикасы) арасындағы 2003 жылғы 9 қаңтарда жасасқан N 01-6/02 шартына сәйкес Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына концентраттағы радиоактивті емес осмий-187 изотопының 660 (алты жүз алпыс) грамының (СЭҚ ТН коды 7110410000) экспортына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Advanced Technology s.r.o" компаниясы шығарған аккредитивке сәйкес осы қаулының 1-тармағында көрсетілген осмий-187 изотопының экспортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағында көрсетілген осмий-187 изотопын кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК